

«Қ@З@ҚШ@ С@ЙР@-2014»

# Рахымжан Отарбаев

**Әңгімелер жинағы (қазақ және орыс тілінде)**

# ПЕРІШТЕЛЕР ҰЙЫҚТАМАЙДЫ

**Электрондық оқулық**

# Рахимжан Отарбаев

**Сборник рассказов (на казахском и русском языках)**

# АНГЕЛЫ НЕ СПЯТ

**Электронная книга**

Қазақстанда кеңінен танымал прозашы, драматург Рахымжан Отарбаевтың әңгімелер жинағын біріктіретін «Періштелер ұйықтамайды» кітабы Академик З.Қабдолов атындағы қордың (әдеби-тарихи мәдени «Алшы» қорымен серіктестік негізінде) атыраулық жазушылардың электрондық кітапханасын екі тілде қалыптастырудағы кезекті үлесі болып табылады.

Бастапқыда кітаптың түпнұсқалық мәтіні қазақ тілінде жазылып, барлық шығармаларды жазушы, ақын, Бекет Қарашин (он сегіз әңгіме) және аудармашы Қалиолла Байменов тәржімалаған (соңғы он әңгіме)

Осылайша, кітаптың барлық мәтінін лексикалық білім аспектісін орындауға қабілетті біртұтас көркем сөздік-аудармашы қызметінде деуге болады. Яғни, мазмұн екі тілге аударылып, мәтіннің түпнұсқасы іспетті кіріктірілген интерактивті сөздіктің қызметін атқарады, сондай-ақ, жинақты оқу кезінде онлайн режимінде орыс тілінен қазақ тіліне және керісінше аударма жасауға мүмкіндік береді.

Кітап үлгісі электрондық кітаптарды пайдаланушылар арасында бүкіл әлемде кеңінен таралған iPad және Android тұғырнамаларымен біріктірілген, яғни олар электрондық әдебиеттің барлық дерлік ридерлер типін тұтынушыларға қолжетімді етуге мүмкіндік жасайды.

Жинақ тізбектеу арқылы жалпы қолжетімді әдеби серверлерде, танымал ақпараттық және әлеуметтік желілерде, Қабдолов қорының сайтында, жобаның арнаулы сайтында, сондай-ақ серіктестердің, жазушылар одағы мен әдеби клубтардың электрондық пошталарына жіберу арқылы таратылады. Кітапты жүктеп алу тегін.

Аталған кітап Академик З.Қабдолов атындағы қордың «Қ@З@ҚШ@ С@ЙР@-2014» жобасы бойынша «Теңізшевройл» ЖШС-нің қаржылай демеушілігі негізінде шығарылған. Ол қазақ тілін үйренуге ынталы көпшілік оқырманға арналған.

*Редакциялық алқа:*
*Бас редактор - Бекет Қарашин;*
*Редакторлар – Ғабит Молдамұрат, Г. Пряхин;*
*аудармашылар – Б. Қарашин, Қ.Байменов;*
*Құрастырушы - Бекет Қарашин*
*Кітапты беттеуші және дизайнер – И. Борзых*





Книга «Ангелы не спят», представляющая собой сборник рассказов широко известного в Казахстане прозаика и драматурга Рахимжана Отарбаева, является очередным вкладом фонда им. академика Кабдолова (в партнёрстве с Литературно-историческим культурным фондом «Алшы») в формирование уникальной электронной библиотеки атырауских писателей на двух языках.

Оригинальный текст книги был изначально казахским. Все произведения претерпели процесс перевода в исполнении писателя и поэта Бекета Карашина (восемнадцать рассказов) и переводчика Калиоллы Бейменова (десять последних рассказов)

Таким образом, весь текст книги представляет собой единый художественный словарь-переводчик, способный выполнять образовательный аспект. То есть содержание лексически адекватно дублируется на двух языках, представляя собой как текст оригинала, так и встроенный интерактивный словарь, который позволяет в процессе чтения в он-лайн режиме получить перевод с русского на казахский, и наоборот.

Формат книги совмещается с наиболее распространенными среди пользователей электронных книг во всём мире платформами iPad и Android, что делает ее доступной пользователям практически всех типов ридеров электронной литературы.

Сборник распространяется посредством выкладки на общедоступных литературных серверах, в популярных информационных и социальных сетях, на сайте фонда Кабдолова, специализированном сайте проекта, а также многочисленных рассылок по электронным адресам партнёров, писательских союзов и литературных клубов. Скачивание книги бесплатное.

Книга издана на инвестиционные средства ТОО ТШО по проекту фонда имени академика Зейноллы Кабдолова «Қ@З@ҚШ@ С@ЙР@-2014». Она предназначена для широкого круга читателей и масс, заинтересованных изучить казахский язык.

*Редакционная коллегия:*
*Главный редактор - Бекет Карашин,*
*Редакторы – Габит Молдамурат, Г. Пряхин (Москва)*
*Переводчики - Б. Карашин и К. Байменов;*
*составитель – Б. Карашин,*
*Верстальщик и дизайнер – Ирина Борзых*



Отарбаев Рахымжан - 19/10/1956 жылы Атырау облысы, Құрманғазы ауданында туған.

1977 жылы Орал педагогикалық институтын бітірген. Әр жылдарда «Орал өңірі» газетінде тілші, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Қазақ телерадиокомитетінде редактор, «Қазақ әдебиеті» газетінде, «Жалын» альманахында бөлім меңгерушісі, Қырғызстанда Қазақстан елшілігінің атташесі, Маңғыстау облыстық телерадио компаниясының төрағасы, Атырау облыстық драма театрының директоры, ҚР Президенті Әкімшілігінде сектор меңгерушісі қызметтерінде болған. Астанадағы Ұлттық академиялық кітапхананың Бас директоры болып істеген.

**Шығармашылығы:**
Жазушының әр жылдары «Шер», «Жұлдыздар құлаған жер», «Жайық жыры»,«Қараша қаздар қайтқанда», «Дауысыңды естідім», «Аспандағы ақ көбелектер, Біздің ауылдың амазонкалары, Айна-ғұмыр, «Отверженный мир» атты прозалық жинақтары және таңдамалы шығармаларының 2 томдығы жарық көрген. Қытайдың «Ұлттар» баспасынан қытай, қазақ тілінде 2 томдығы, Ресейдің «Художественная литература» баспасынан орыс тілінде бір томдығы және «Проводник судьбы» жинағы жарық көрген. Жекелеген шығармала-





# РАХИМЖАН ОТАРБАЕВ

Отарбаев Рахимжан - родился 19/10/ 1956 года в Курмангазинском районе Атырауской области.

В 1977 году окончил Уральский педагогич. институт. В разные годы работал корреспондентом в газете «Орал өңірі», учителем казахского языка и литературы, редактором в казахском комитете телерадио, в газете «Қазақ әдебиеті», заведующим отдела в альманахе «Жалын», атташе посольства Казахстана в Киргизии, Председателем компании радио-телевидение Мангистауской области, директором театра драмы Атырауской области, заведующим сектора Администрации Президента РК, Генеральным директором национальной академической библиотеки.

**Творчество:**
В разные годы были опубликованы его прозаические сборники: «Шер», «Жұлдыздар құлаған жер», «Жайық жыры», «Қараша қаздар қайтқанда», «Дауысыңды естідім», «Отверженный мир» и 2 тома избранных произведений. Издательство «Ұлттар» в Китае выпустило двухтомник на казахском языке, издательство «Художественная литература» в России выпустило однотомник на русском, а также сборник «Проводник судьбы». Отдельные произведения издавались на итальянском, английском, французском языках. В изда-

ры итальян түрік, ағылшын, француз тілдерінде басылған. «Каир» баспасынан «Соғыстың соңғы бомбасы» деген атпен 1 томдығы араб тілінде жарияланды. Көптеген пьесалары республикалық және шетел театрларында сахналанған.

**Атақтары:**
Махамбет сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, халықаралық Шыңғыс Айтматов сыйлығының лауреаты,  халықаралық «Академик Зейнолла Қабдолов марапатының» иегері, «Парасат» орденінің иегері, «Атырау қаласының құрметті азаматы»





тельстве «Каир» была издана книга «Последняя бомба войны». Множество Пьес Рахимжана Отарбаева было поставлено республиканскими и зарубежными театрами.

**Награды и звания:**
Лауреат премии имени Махамбета, лауреат Международной премии имени Чингиза Айтматова, Заслуженный деятель РК, обладатель международной награды им. Академика З. Кабдолова, Обладатель ордена «Парасат», «Почётный гражданин города Атырау».



# ЖАЙЫҚ ЖЫРЫ

Жалбыр шаш жазушы жігіт не деп еді?

«Ей, аға, дүние жалған дейсіз, қате ойлайсыз. Дүние жалған емес, адам жалған. Дүние тұр ғой мәңгілік өсіп-өніп, жасарып, асқақтап. Адам өзінің опасыздығын, айнымалылығын соған жауып құтылғысы келеді», – деген.
Еңсегей бойлы, аққұба жүзді, оң жақ бетінің ұшында бармақтай қалы бар теңге мұрт шал аяқты жай тастап, Жайық жағалап келе жатты.
Таусылмастай көрінетін қызылды-жасылды тірліктің қым-қуыт базары тарқап, өмір-керуеннің қоналқысына тақап қалған жанға шымшып қашар ой әуес.
Сол ой шіркінің де, қаншама түпсіз болса да, кешкен ғұмыр, татқан дәм, көрген-бакқанының маңынан қазықтаулы аттай кібіртіктеп шыға алушы ма еді?

Өткен күндер елесі қос тепкіге алып діңкелетіп, безгектен бетер дертке айналғанда осы Жайықтан сауға тілеп келмеді ме?..

Аты-жөні жоқ кеселдің аттай шауып, атандай желіп тұрғанда емес, басың ағарып, көзің қарайғанда жармасқанын айтсаңшы!





# РАПСОДИЯ ЯИКА

Высокий, светлолицый старик, с усиками и родимым пятном на правой щеке, величиной с палец, неторопливо шагал по берегу Яика.

Когда расходится казавшийся нескончаемым разноцветный и суматошный базар жизни, тогда человеку, приблизившему к конечной остановке её каравана, присущи покалывающие и стремительно убегающие думы.

Как ни глубоки эти благословенные мысли, но и они не могут оторваться, словно к колу привязанный конь, от воспоминаний об отведанных некогда плодах жизни, о встреченном и увиденном.

Разве не приходил он к Яику каждый раз тогда, когда горько и больно менялись его представления о жизни, этот недуг, не имеющий названия?

Пусть бы и посещал он тебя лишь в годы, когда скакал, как конь, носился, как атан, но надо же, он навещает и тогда, когда голова твоя осенилась инеем, а очи покрылись пеленой!

Жарықтан қашып, түн жағалап, мысықтабандап келер жымысқы пәлекет талықсып, кірпік қамаспай калған шақта кәрі кеудеңе мініп қыспаққа алар.

Қамшының сабындай ғұмырда бәзбір пендеге көрсеткен қиямет-қайымың, жөргек иісі танауыңды тұщытқан ұрпағыңның жатырына тартып жатсырап кеткені – бәрі-бәрі еселеніп келіп жаныңды шабақтап, бастағы құс көпшік, үстіндегі мамық көрпемен алыстырар.

Жаныңдағы үйген көңдей боп жатқан үкікөз кемпірің күңкілдеп, жамбаспен жорғалай аулақ кетер.

Алакөбеңденіп тұрған терезе пердесінің шетінен маңдайы қатпарланған, беті көкпарланған бір сұрқия мүсін сығалап тұрғандай иман-үрейіңді ұшырар.

Таң алдында талып барып тыншығанда баяғы Тамара сұлудың: «Енді айғыр боп кісінеп секірші», – деген жалыныш һәм сүйсініске толы сайқал үні, енді бірде Никита Максимовичтің даусы беймезгіл шақырған байғыздай боп құлақ түбінен сұңқыл қағар...

Бұл жан пірім сәт жыл сайын теңге мұрт шалға алыстағы Жайық көктемімен бірге келіп, қоса кететін.

Кеткені құрысын, кеудеңе жылдар бойы мысқалдап жинаған қымбат қазынаңды тонап жоғалғандай көңілің құлазып, басың кеуектеніп, сең соққан балықтай далбаса ұрып қаласың.Теңге мұрт шал бір жұма бойы жағасын тынбай кезді екен, көзін сатып телміріп қарады, кәрі жүйкесін босатып тебіренді екен деп ағысынан жаңылған Жайық жоқ.

Ұлы өзен суы толқын боп көтеріліп-басылып, үстіндегі желдің, астындағы ағынның екпінімен сырғи-сырғи мың сан тілге айналып, жағалаудың қос кемерін жалап кемиреді кеп.

Шабдар бұлттың ара-арасынан құлаған күн сәулесі шашырап кеткен сынаптай жылтыл қағып, су бетінде құмары қаңбақ ойнайды.





Избегающая дня, крадущаяся ночью, ступающая, как кошка, эта скрытая напасть – именно в то время, когда слабеет ум и пропадает сон, особо коварно придавливает, вскочив на твою грудь.

Все горести, которые ты доставил окружающим в этой короткой, как рукоять плётки, жизни, как и радовавшие тебя запахами пелёнок потомки, став чуждыми, снова собрались у отчего порога , - всё это и многое другое заставляют тебя бороться с пуховой подушкой, периной и одеялами.

Лежащая рядом старуха с совиными глазами, словно куча грубо выделанной кожи, сварливо ворчит и боком уползает от тебя.

Тебя же охватывают страхи, словно из-за края пестрой оконной занавески заглядывает снаружи какое-то пугало с морщинами на лбу и кожей, похожей на шкуру козла.

Измученный, только-только было заснул под утро, как почудился давний голос красавицы Тамары: «А теперь вспрыгни на меня, заржав, как жеребец…» Этот томный, полный любовной неги, льстивый голос ее уже в следующий момент сменился на зычный, словно призыв сыча, голос Никиты Максимовича...

Эта незабываемая пора в памяти старца с усиками ежегодно наплывала вместе с весенними разливами далекого Яика и также уплывала вместе с волнами.

Ладно, уплывала бы сама собой, нет же, остаешься, с опустошенной головой, словно годами собиравшаяся по крупицам, но ограбленная сокровищница. Как тщетно бьющаяяся рыба, оглушенная о твердь берега, Яик и не собирается менять направление своего течения оттого, что старец с усиками вот уже неделю неустанно бродит по его берегу, умиленно вглядывается в него и нервничает.

Воды великой реки, поднимаясь и опускаясь волнами под напором ветра сверху и течения снизу, движутся бурно и, превращаясь в сотни рукавов, неутомимо лижут и грызут оба берега.

Солнечные лучи, пробившиеся промеж редких облаков, неугомонно играют на поверхности воды, испуская блеск, похожий на разлитые ка-

Ертеңді-кеш шабақ аңдыған теңіз шағаласы да мігір табар емес, қос топшысына дейін суға батып кетіп, істік тұмсығымен анда-санда сынық сүйем жемін тыпырлатып іліп шығады. Бірі олжасын ала қашып, қалғаны шаңқылдасып, қанатымен қағысып дүрелей қуады.

Өзеннің бергі жағалауына байланған кеме үстіндегі жаздық жайдақ рестораннан музыка төгіледі. Қаныңды қыздырар, арқаңды қоздырар құдіретті саз.

Бас сұққан сайын ішкенге мәз, жегенге тоқ жат ұрпақтың уайымсыз дырдуынан байыз таппай тезірек шығып кетеді.

Бұл өңірдің тумасына түр-тұлғасы келмейтін шалдың екі жүз грамм, бір кеспесіне көніп алған жалқын сары даяшы келіншек те көп тостырып, зарықтырып көрген емес.

Толқын санағандай өзенге мойын бұрып алып, торғайбас қорқорын баппен соратын мұның бір қырын үнсіз көзқарасынан қаймыққандай сүтті інгеннің өркешіндей тепсініп тұрған қос омырауын ділдетіп, лыпып тұрады.

Есеп айырысып жатып имене жымиып, ізет білдіргенсиді.

– Сіз әскери адамсыз ба? – деген бір жолы.

– Иә. Отставкадағы полковникпін, – деген бұл көзінің қарасын молайтып.

– Ым... Есіміңіз?

– Тайжан.

Басын тіктеп көтерген, кеудедегі бір-біріне еркелеп тұрған екі өркешті емес, аяқ басқан сайын алма-кезек билеп бара жатқан егіз мықынын аңдап қалды.

Баяғы Тамарасы түскір де осы таразы табағындай





пельки ртути.

И морские чайки, добывающие пропитание с утра и до ночи, не могут угомониться: ныряя в воду до предплечья, выносят иногда в своих острых клювах особо лакомую, бьющуюся в судорогах рыбу. Если одни пытаются скрыться с добычей, то другие с визгом, ударяясь крыльями, гоняются за удачливой охотницей.

С летнего, открытого ресторана, расположенного на палубе пришвартованного к берегу теплохода, лилась музыка. Возбуждающие и энергичные звуки.

Посещая его и, в очередной раз не найдя удовлетворения от беспечного веселья молодого поколения, спешил покинуть это заведение.

Светленькая, румяная официантка, привыкшая к постоянному заказу, состоящему из ста грамм водки и порции лапши, не томила его ожиданием. Быстро обслуживала старика, повадками своими явно не похожего на коренных жителей.

Испуская дрожь колыхающихся грудей, напоминающих два горба молочной верблюдицы, и на этот раз подошла проворно, а затем стояла молча, повернув шею к реке, словно считала волны, и этим самым давала понять, что вникает в суть его молчаливого раздумья и медлительного курения трубки, похожей на воробьиную головку.

Рассчитывая, улыбнулась, подчеркивая отношение, похожее на уважение.

- Вы военный человек?

- Да. Полковник в отставке, – ответил он, расширив зрачки.

- А Ваше имя...

- Тайжан.

Приподнял голову, но увидел уже не два горба, шаловливо игравшие на груди, а удаляющиеся близнецы-ягодицы, танцующие попеременно с каждым новым шагом.

Та же далекая и волшебная бестия Тамара тоже,

теңселген пәлесімен талайдың ындынын құртып, сорына шыққан. Бір құрбандығы Никита Максимович-ті...

Бір-бірін жалмап жұтып жатқан Жайық толқынындай болған жылдар-ай...
Танаудың суағар жолын көздеп кеп қона қалған теңге мұртын бас бармағымен әдеттегідей бір сипап, орнынан баяу көтеріле берді.

Калининград жерінде әскери қызметте жүргенінде бір қазақ жазушысын жолықтырған. Ұзын бойлы, қарасұр келісті жігіт шашы желкесіне төгіліп тұрып не деп еді? Бет-жүзіңе қарамай кесіп сөйлер неме екен.
«Пәнде азапты қолдан жасап алып, өз ойымен өзі арпалысып өтуге құштар. Өтірік күліп, жалған жылап, үһілеп жүріп бар ғұмырын тауысып бітеді», – деген мұның құрметін көріп отырып.

«Бейшара бала көп оқып, миы ашып кеткен екен, қияли адамнан дені дұрыс әңгіме шыға ма?» деп түйген сонда бұл.

Құдайы күлшедей екі елі кітабын сыйлады. Нәті бөлек үкікөз әйелінің алдында жерлесінің базарлығына көңілі толып, тырна сирақ фужерді қысып ұстап, құлаштап кеп мақтаған.

Әлгі жалбыр шаш інісі: «Мақтау деген адамдардың арасында жүре беретін қарыз ақша секілді, берген екенсіз, алдым. Ретіне қарап кері қайтарармын», – дейді міз бақпай.

«Қатын-баламның алдында мәртебемді көтеріп, қолма-қол неге қайтармайсың, иттің ғана күшігі-ай? – дегісі келген іштей булығып. – Аузыңнан шыққан жел әкеңнен қалған мұра ма, соншама бұлдайтындай?!»

Енді ойласа, құлағына ұя сап қалған «я тебя обажаюдан» гөрі биігірек, жас та болса шерлі, тұйық та тұңғиық екен сол бала.

Жазушы, шіркін, қоштасып жатып: «Жайық бойын жақсы білемін, кісісі көп те, адамы аз», – деп тағы бір жұмбақ айтқан.

Қызып қалды деп ойлап, бұл қитықса да үндеме-





покачивая своими грудями и ягодицами, словно чашами весов, мучила многих. Одна из ее многочисленных жертв – Никита Максимович...

Эх, годы. Как волны Яика, проглатывающие друг друга... По привычке погладив большим пальцем усики, как будто преднамеренно посаженные в устье русел ноздрей, резко поднялся с места.

Служа в России, встретил одного казахского писателя. Высокий, смуглый, справный, с ниспадающими на плечи длинными волосами джигит. Но какой-то прямолинейный, так и режет словами:

«Субъект, создавая проблемы самому себе, склонен прожить, борясь, со своими мыслями. Лживо смеясь, двулично плача, хныча, так заканчивает свою жизнь», – говорил, вкушая угощение.

«Бедный сочинитель, много читал, от этого и прокисли его мозги, разве от интеллигента можно ждать здравых мыслей», – сделал тогда он вывод.

Подарил свою книгу форматом с лепешку и в два пальца толщиной. Довольный подарком своего земляка, Тайжан хвалился им перед женой с совиными глазами, да иной национальности, сжимая в руке бокал с журавлиной ножкой, щедро исторгал комплименты новому знакомому.

Длинноволосый же братишка ответил, не колеблясь: «Хвала подобна деньгам, которые взяты в долг и обращаются между людьми. Вы дали мне, я взял. Верну при подходящем случае».

«Почему бы тебе, сын собачий, не вернуть здесь и сейчас при жене и детях, чтобы поднять мой авторитет? Неужели ветер, исторгающийся из твоих уст, является наследством твоего отца, чтобы так хорохориться», – подумал про себя Тайжан.

Теперь же, размышляя, пришел к выводу, – этот юноша в общем-то прав. Хоть и молодой, но цельный, глубокий и многострадальный.

Чудаковатый писатель, прощаясь, оставил еще одну загадку: «Я хорошо знаю прибрежья Яика, там много людей, но редок Человек».

Подумав, что он пьян, промолчал, хотя и был за-

ген. Бәтір-ай, кісісі не, адамы не, айырмасы қайсы? Бәлкім, бұл бұ жолы да жаңылысқан шығар.

– Ей, көшір бала, бармысың? – деген таңсық үн өзен бойлаған теңге мұртты шалқасынан кетіре жаздады.

Алақтап айналасына қараған, үркіп қашып оқшау тұрған жалғыз-жалғыз қайыңнан, шабаққа таласып шаңқылдасқан шағаладан өзге ошаң еткен ешкім жоқ. Шеке қыздырған күн сағат санап сырғып, батысқа аунап барады.
Тұла бойына енген ұсақ-ұсақ діріл соңы тізені дірдек қақтырған қалшылға ұласып, сана түкпірінен сарғайған суреттер тіріліп, қозғалысқа енді.

Көз алды мұнартып, кең жол дәптердің сызығындай боп жатқан ирек-ирек толқындар бірде бірігіп, қайтадан пышырап, жан-жаққа қашып байыз табар емес.

Жастық пен кәріліктің ортасындағы өмір сызығымен ойдан қырға шапқылаған ойдың табаны мұндай сырғанақ болар ма, иелік ете алмай сансырады.
Алла атын атап ес жиғанда ішкі тылсымын қопарып кете жаздаған бұл дауыстың өзгеден емес, торғай адым жердегі өзеннен шыққанын аңғарды.

– Армысың, Ақ Жайығым? – деді сосын кібіртіктеп. – Баяғы көшір балаң өзіңе көріскелі келді. Сағынып...

– Жалған сөйлеме, ұлым! Сағынған адам менің кәусарыма алдымен балтырын емес, ғазиз басын шылар еді. Сен болсаң көсілтіп салып... Ой, рақат-ай деп...

Теңге мұрт шал өзінің келген бетте-ақ оңбай сүрінгенін, жазығына бір жеті бойы тызақтап жанын жидіткенін сонда барып түсінді.

– Жә, көшір бала, бозбас кезінде қос ат жеккен күймемен Жайықтан көктей өтіп, жұлдыздай ағып жоғалғанның басы сен емес, аяғы да өзіңмен бітпес.





дет за живое. О, чудак: что люди, что человек, разве есть разница?

- Эй, юноша-кучер, живой? – раздался необычный голос, чуть ли не опрокинув навзничь старца с усиками, бредущего по берегу Яика.

Стал озираться по сторонам, рядом никого не было, кроме несколько одиноко растущих берез, да чаек, пытающихся с криками вырвать друг у друга добычу. Солнце, пекущее темя, отсчитывая часы, катилось на закат.
Мелкая дрожь, пронзившая все его тело, став лихорадочной тряской в коленях, пробудила в подсознании блеклые картины, пришедшие в движение.

В глазах зарябило, а извилины волн, словно дорожки в линейной тетради, то сливались, то, снова разбрызгиваясь и разбегаясь в разные стороны, не давая успокоиться.

Как же скользки подошвы мысли, бегущей от равнины к возвышенности чрез серединную черту юности и старости! Заскользили, не подчиняясь попыткам притормозить их.
Когда, озвучив имя Аллаха, пришел в себя, тогда понял, что голос, перевернувший его внутренний покой, раздался не откуда-то, а с реки, находящейся от него на расстоянии воробьиного шага.

- Здравствуй, мой светлый Яик, – сказал нерешительно он. – Твой бывший юноша-кучер пришел поклониться тебе. Соскучился...

- Не лги, сын мой. Тот, кто соскучился, окунает в мои целительные воды не стопы свои, а драгоценную голову. А ты же, вытянув ноги, наслаждаешься...

Старец с усиками только тогда понял, что неслучайно, только-только прибыв, сильно споткнулся, а в течение целой недели, проявляя сильное беспокойство, запарил свою душу.

- Ладно, юноша-кучер, не тобой начались и не тобой закончились те, кто в своей юности на повозке, запряженной двумя конями, проскочив через Яик, промелькнувши и закатившись звездой, отцвел собой.

Түбі бір келеріңді, менен медет тілеріңді білгенмін. - Жайық толқынын қуалап қайтадан күн сәулесі ойнады.

– Әне, тынбай жүзіп жүрген адам басына зер салшы.

Жағалаудан құрық сілтем жерде әбден сарысүйек болған, қос көздің алақандай ұясы үңірейген, кеңсірігі соқыр тышқанның ініндей сәңірейген, жағы тұтас, бірақ тістен ада кісі басы толқыннан толқынға секіріп жүзіп келе жатты.

– Біреулер мұны Сарайшықта жерленген Бату ханның басы десе, екіншілер атақты большевиктің кәлләсі деп таласады.

Мейлі ғой. Қыс кәріне мініп, мұз буыны бекімей бұ шіркінге мігір жоқ.

Жан иесі кезінде Жаратқан ием алдында кетпес күнәкар атанған ба, қайдам, күндіз өрге, түн баласы ылди теңізге құлап, ерсілі-қарсылы жолаушылайды да отырады.

– Апыр-ай, ә? – Отставкадағы полковник сипайын десе мұрынның суағар тұсына кеп қонған теңгесін таба алмай абдырады.
Ішін ірітіп бара жатқан дірілді тағы да басқысы кеп, күрсініп қап бас шайқаған.
Мойны түскір тіреуіш болмай былқылдап, қалтақтап кетті.

– Пәнде деген осы. – Таңданба! Сен де құлатөбелдің бірісің.

Мұны айтқан Жайық па, жоқ, әлде тұсынан жүзіп бара жатқан сары кемік бас па, баяғы көшір балада оны бағамдар дәрмен сарқылып еді.

- Жарты жаһанда ат тұяғымен әшекей салған, қарсы кеп қару кезенгенді қамыстай орып, қоғадай жапырған Шыңғыс ханның немересіне ақырғы иек қағым, жантәсілім сәт Еуропа мен Әсияның еншісін жыртып-айырып бөліп жатқан ұлы өзеннің бойында жолыққан.





Знал, что, в конце концов, вернешься, будешь искать поддержки. - Яик погнал свои воды дальше, на воде снова заиграли солнечные блики.

- Вон, обрати внимание на человеческую голову, плавающую без устали.

На расстоянии длиной с жердь, прыгая с волны на волну, плыл ставший желтой костью человеческий череп, с зияющими глазницами, с целыми скулами, но без зубов, вместо носа с дырой, величиной с нору крота.

- Если одни утверждают, что это голова Бату-хана, похороненного в Сарайчике, то другие спорят, что это череп знаменитого большевика.

Пока зима не войдет в свои права и не затвердеет лед, этому черепу-страннику не будет покоя.

Может, хозяин его в свое время был непростительно виноват перед Создателем, кто знает, словом, странствует: днем вверх по течению, а ночью впадает в море.

- Вот это да, а? – Полковник в отставке хотел погладить усики, выросшие в устье русла носовой влаги, но не найдя их, растерялся.
Чтобы еще раз унять дрожь, разлагающую его нутро, тоскливо вздохнув, покачал головой. Шея, пропади она пропадом, вместо того, чтобы быть опорой для головы, став рыхлой, болталась из стороны в сторону.

- Удел существ таков. Не удивляйся. И ты тоже - один из временно возвышающихся горок.

Кто это высказал, то ли Яик, то ли проплывающий мимо него желтый череп, но, чтобы разобраться в этом, сил у бывшего юноши-кучера уже не было.

-Для внука Чингисхана, копытами коней разрисовавшего узоры на половине всего земного шара, скосившего, словно камыш, придавившего, как ковыль, тех, кто с оружием в руках вставал на его пути, последний миг жизни и последнее место вечного успокоения, встретились на берегу великой реки, разрезающей и разделяющей Европу и Азию на две части.

Ғұмыр бойы ат жалымен арпалысқан Батудың қолы ауаны қармап, дем жетпей, көкірегі сырыл күйін ойнап жатып Ұлытауды мәңгілік қоныс еткен әкесі Жошы, Шыңғыстаудың сызды тасына жамбас төсеген атасы ұлы Қаһан, көкжиектің ар жағында қалған Қарақорым, мынау фәни дүниенің ойнақылығы жайында шерлі зарын төкті.

Шықпас дейтін шыбын жаны өрмекшінің торына шындап қамалғанын біліп, сай-сүйегін мүжіп кемірген ішкі құсасын батпандап ақтарғанда, талайдың көз құртын домалатқан шаһардың алтын айшықты, күміс белбеулі салтанаты асқан төрт қақпасына дейін уәзірлер мен салалы саусақтары саздауға біткен құба талдай майысқан бақсы-құшынаштар шапанының етегіне сүрініп омақасып, сәлделеріне ие бола алмай қалды.

Бірінің мәлике жүзін бірі тырнап жыртып, қан жоса болған гарем толы күйітті қатын қатты бұралған домбыраның ішегіндей шіңкілдеп қалған әтектерге қайырту бермей кетті деседі жылнамашылар. Айбатынан ай бұғып бұлтқа жасырынатын хандардың өзін қақпақыл қағып, бір қауызға сыйдырып жіберетін құдіреті күшті Алла әмірінен үстем не бар?

– Уақыт деген осы.

– Қателесесің. Уақыт емес, шексіздік де.
Қолындағы қорқоры адасып жүріп, аузын әрең тапты.

Большевик болса болған да. Бостандық деген ғайыптан шыққан дуалы сөз кеуделерді қарашаның желіндей кернеп, кімді желіктірмеді?

Ышқырында биті бар әке – бай-құлақ, бала – кедейсоқ, аға – ақ, іні – қызыл, өзге-өзге – бір шаңырақтың астынан, ортақ көрпенің ішінен өріп шыққан бір тұқымның өзі жік-жік боп алакөзденіп, әлі жеткеннің өңірі мен сақалынан сау-тамтық қалдырды ма?

Оқыған зиялы – жау, иман үлестіріп жүрген молда-ишан – дұшпан, сонда кім дос еді бұл маңдайының соры бес елі қазаққа?





Руки Бату, всю жизнь возившиеся с гривами коней, хватали воздух, а грудь, от нехватки того же воздуха, исполнила хриплую музыку. Получивший в горах Улытау последнее пристанище отец его Джучи, покоящийся на сырых камнях Шыңгыстау дед его Великий хан и оставшийся за горизонтом Каракорум, завыли печальную песнь о недолговечности этого мнимого, ложного мира.

Убедившись в том, что его душа, кажущаяся вечной, действительно, как муха, попала в паутинные сети, вывернул наизнанку через вой глубинную тоску, грызущую его тело до костей. Визири и религиозные служители, полный гарем наложниц, царапая друг другу миловидные лица до крови, не дав сбить себя в кучу евнухам, голос которых был подобен дзиньканью туго натянутых струн домбры, разбежались, кто куда, – отмечали летописцы.

Что может быть сильнее воли Аллаха, вмещающей в одну и ту же шелуху даже ханов, от угроз которых даже луна, пугаясь, пряталась за тучами, - эта философская сентенция была произнесена то ли снаружи, то ли изнутри самого старца.

- Это и есть время.

- Ошибаешься. Не время, а бесконечность. Трубка в руках, блуждая, еле-еле нашла рот.

Да, был большевиком. Но кого только не опьяняло, как октябрьский ветер, переполняя грудь, слово «свобода», вышедшее из небытия.

Отец во вшивом белье – кулак, сын – бедняк. Старший брат – белый, младший – красный, другие же родственники, вышедшие из-под одного крова, из-под одного одеяла, разделившись и настроившись враждебно друг против друга, разве не стали раздирать слабым лица и бороды.

Ученый – недруг, распространители духовности, ишаны и муллы – неприятели, тогда же кто друг для казаха, пядь лба которого покрылась бедствием?

Түрме есігін теуіп шыққан, еркіндіктің емшегін қақтап емгісі келген, сөйтіп, осы елді қауға тиген өрттей отаған қызыл атанған өңшең бұзақы ма?

Е-е, ағың не, қызылың не, жасылың не, қайсысына шомылсаң да сыртқы бояудың жылтырақ түсі ішкі болмысыңмен үндесе алмаған соң бәрі әдірам екен.

Жарлының таңдайын ағартып дәулетті етемін деп емес, керісінше, байды баудай қырқып, тұқыртып, қаратабан кедей-кепшіктің қатарына әкелем деп басталған төңкерістің ниетінің өзі қарау-тын.

Осыған зер салып, дер кезінде мәу деген даусы жуан бір төбет табылды ма? Табылған.

Бірақ замана желі ұйтқып соғып, оларды бір уыс топырақтай жан-жаққа шашқан. Демек, бар байлам атып-асуда емес, керт басымыздың кісілігінде екен.

Теңге мұртыңыз да уағында табадағы шоқтай қып-қызыл еді, оңғақ неме екен...

Екі қапталын бекіре балықтай жайпаған асау шақ алыстап қашып, кәрі кеудесі, нәлеті, күн жеп қаңсыған ағаш бөшкедей дүңгірледі де қалды.

– Көшір бала, сыр аш, сөйле!

- Ат құйрығын түйіп қашса-ақ, мылтық көмейіне күс пытыра құйын куса қызыл атанған, адам түсінбес аласапыран.

Еділ-Жайықтың қаусырма құшағында жусаған нәті жуас ел үшін қай-қайсысы да айықпас жұт, аққөз әпербақан.

Қашқаны да сор, қуған да сор. Бірінің тілерсегін бірі теуіп келіп, ат-көлік, атау кересін алып, қатынды қайтармалап, қырық үйден әрең тыю көріп отырған қызы түскірді қылмыңдатып өтеді...

Иә, сол бір жыл құсын күткен ерте көктемде Еділ-





Где названные красными, смутьяны-головорезы, выбившие двери тюрем, захотевшие выпить и иссушить вымя свободы, ввергшие народ в пожар, в котором сгорели страны и народы?

Э, оказывается, что белые, что красные, что зеленые, как ни купайся в разных цветах, коль скоро их красивый внешний окрас не соответствовал их внутреннему содержанию, все было напрасно.

Намерением переворота было не желание, накормив народ, поднять его благосостояние, наоборот, – остригая богатых, как шерсть, убавив их, приравнять к босоногим беднякам.

Находились ли в свое время такие волкодавы, кто, обратив внимание на это, подавали возмущенный рык? Находились.

Но скачущий вихрем ветер эпохи смел их, как горсть пыли, кого куда. То есть выход был не в том, чтобы расстреливать и вешать, а в нашей индивидуальной человечности.

Нынешние усы, когда были еще мелкими и более нежными, пылали рыжим огнем, да и их окрас оказался непрочным...

Неугомонный период, как неуемный осетр, бьющий с обоих боков, убежал в даль, осталась только старческая грудь, которая громыхает, как рассохшаяся на солнце деревянная бочка.

- Юноша-кучер, раскрой свои тайны, говори.

- Если убегаешь, связав хвост коней, – белый, если гонишь, забив в дуло ружья дробь, – зовешься красным, такая была непонятная для людей неразбериха.

Для мирного населения, обитающего в объятьях междуречья Урала и Волги, каждый из них – нежелательное бедствие, жестокий головорез.

Горемычны и преследуемые, и преследователи. Проскакивали, наступая, друг другу на пятки, наделяясь и лошадьми, и различными проклятьями, будоража женщин, заставляя кокетничать девиц, благодаря запрету сорока дворов еле-еле соблюдающих благонравие...

Да, в одну из ранних весен, ожидавших перелет-

ді қызыл, Жайықты ақ иемденіп, екі өзеннің ортасындағы кең көсілме жазық табан тіреп ырғасқан майдан даласына айналған.

Сәуріктерге күн бермейтін мазасыз айғырдай үй үстін ала шапқын қып біткен жаттан иіні ығыр болған ел түйе қомдап суыт көтеріліп, Ашақ пен Қошалақтың иесіз құмына батып кетіп жатты.
Қашқан жұттан құтылғанмен, қалақ басты еркектана қой құмалағындай қорғасыннан құтылмайды екен.

Ағы қол ұшын бермедің деп, қызылы қатарымызды толтырып, тебінгі тіресіп тұрмадың деп, небір жазықсыз бейбақтың жемтігіне құзғын қонған.

Әр қазанға бір көз сатқан бос мойын иттей былқылдаған саясатыңды қай қараңғы қазақ басына езіп жағыпты?
Ұзынқұлақтан ақ патша тақтан ауып, «хантала-пай» болып жатыр дегенді еміс-еміс еститін.
Бірақ онысы әркімнің жорға өсегінен аспай, мықтаса ояз аттан құлап аяғын сындырыпты деген лақаптың деңгейінде жатты.

Төңкерістің қызығын көрмеді, бұларға қырғыны келді. «Сауға», «Жан сауға» десті быкпырт тиіп. Айналасында қарасыны жоқ тұлдыр жетім

Тайжан бір мүшелге үш жасты санап қосып тұрғанда делбе ұстаған көшір атанды. Тауқыметтің қамытын жалы жығылып қалған аттан бұрын киген мұның тай тепкен тайқы маңдайына көшір болғанда да ақтың полк басшысы, өзінен небәрі он шақты жас үлкен Никита Максимовичтің жансорсығы болуды жазыпты.

Никита Максимовичі аяқ асты күш алып, артынша тымып қалатын бұқпа соғысқа басы бүтін кіріп араласпайды. Тек ара-тұра аузынан:

«Іңір қараңғысында ананы шап, таңның тәтті ұйқысында мынаны тырп еткізбей бас! Қолға түскен дұшпанның иығы зерлісін май құйрықтан теуіп жортақтатып алдыма әкел! Қалғанын, иманын

ных птиц, когда на Волге хозяйничали белые, а на Урале – красные, широкая степь междуречья превратилась в узел упорного и переменчивого фронта.

Местное население, утомленное нашествиями и набегами чужаков, словно жеребчики, неуютно чувствующие себя в косяке среди беснующихся жеребцов, срочно навьючив свое имущество на верблюдов, подалось в пески Ашака и Кошалака.
Хотя беглецы способны избавиться от живой напасти, но, оказывается, от крылатых пуль, напоминающих помет холощеных баранов, избавления не найти.

Белые, упрекая в том, что не получили поддержки, красные – в том, что не встали с ними стремя в стремя, налетали, как вороны на падаль, на любого несчастного.

Какой темный казах мог глубоко освоить гибкую политику, напоминающую вожделенно поглядывающую в каждый казан собаку.
Ему приходилось слышать молву о том, что-де Белый царь пал с трона и идет борьба за власть.
Но эти известия имели не большее значение, чем обыденные слухи, самое большее чему они могли равняться, так это сообщениям о том, что кто-то пал со строптивой лошади и сломал себе ногу.

Не увидели воочию они страстей переворота, ее возни, к ним пришла резня. Вскричали: «Спасите! Помогите!», словно их накрыла хищная птица.

Тайжан, круглая сирота, в свои пятнадцать лет был кучером, держащим поводья. На его лбу судьбой было написано стать не просто кучером, надевшим хомут невзгод раньше, чем видавший виды конь, – а именно возницей-телохранителем командира белого полка, старше него всего лишь на каких-то десять лет.

Никита Максимович лично сам не уходил с головой в неожиданно вспыхивающие, а затем угасающие военные столкновения. Только из уст его раздавались короткие команды и приказы:

«С сумерками нападите на того-то, с утренней зарей, не дав опомниться, раздавите этого! Пленных вражеских офицеров, поддав под толстый зад, гоните мелкой рысью ко мне. Остальных, дав

айтқыз да, жерге көм, суға ағыз!» – деген қысқа-қысқа әмірі естіліп қалады.

Бұйрығы күзгі найзағайдай шартылдағанмен, өзі уызына жарымаған тоқтыдай жаңғалақ.

Әйтсе де, істіктеу мұрын, жасыл көз, қысқа қиылған сары балапан шашы әскери киіммен біртүрлі үйлесім тауып, қармаққа шаншар еті жоқ шынжаулығын жасырып, сымбаттандырып тұратын.

Ал мінезін пәнде баласына бермесін, бірде мүйіз, бірде киіз. Езуіндегі күлкісін жия алмай жатып қамшы үйіріп жіберуі – қас пен көздің ортасындағы шара.

Жар басына қонған жапалақтай боп үнемі күйменің алдында ат құйрығын иіскейтін мұның сол екі арада көк желкесіне жұдырық ойнап, жон арқасына төрт өрме қамшы да жауып үлгереді.

Көп шатақ шұлдірлеген кәдімгі жез қоңыраудан шығады. Майдан даласын шет жағалай, сипай аралап жүргенде көшірдің жанқалтасында жататын қоңырау Жайыққа бет бұрып, Үйшікке өтерде қос аттың ортасындағы арыс ағашқа байланып, қыз күлкісіндей тәтті сыңғырымен айналасын арбап келе жатуға тиіс.

Тіпті қала тұрмақ далада да қарсы кезіккен бейсауат жүргіншілер:

«Ойбай, қоңыраулы күймемен төре орыс келе жатыр», – деп жолдан үрке қашып секіп тұрмаса, Никита Максимовичтің ішкен асы – харамның есебі.

Мұндайда денесі қызып, өзара омырау жарыстырған жүйріктерді дереу тежеп, домалап түсіп, қоңырауды байлай алмай қалатын көшір байғұс жазықты.

Бірер мәрте тепкінің күші ат сауырын құштырып, оқыс үріккен жануар сыңарезулеп шауып, былқылдақ күйме шоқалақ санап секіріп, үйелеп





помолиться, закопайте, бросьте в воду!»

Хотя команды его гремели и сверкали, как осенняя молния, сам же он был по молодости своей рассеян.

Что ни говори, его мясистый нос, голубые глаза, коротко подстриженные волосы цвета желтого цыпленка, как-то гармонируя с его военной формой, придавали ему грациозность и скрывали его тело, до такой степени худое, что на нем не было даже кусочка мяса, годного для зацепки на крючок.

Ну, а характер его, не дай бог никому из смертных, – то волк, то шёлк. Не успев убрать улыбку из разреза губ, но тут же стегануть нагайкой, – для него все равно, что расстояние от бровей до глаз.

Ему, кучеру, сидящему на козлах, как сова на яру, и нюхающему хвост упряжных лошадей, за столь короткое время доставались одновременно и тумаки по шее, и удар четырехжильного кнута по хребту.

Многие бесчинства возникали из-за звона обыкновенного медного колокольчика. Этот колокольчик, лежавший в кармане кучера во время редкого объезда фронта, как только приближались к Уралу, при въезде в Уйшик, должен был быть привязан к деревянному остову, соединяющему шеи двух коней и издавать звонкие звуки, похожие на завлекающие девичьи смешки.

Не то, что в городе, если даже в голой степи случайный встречный не шарахается с дороги и испуганно не замирает, как истукан, со словами:

«Ой-бай, на повозке с колокольчиком едет важный русский господин!», то считай, что пища Никиты Максимовича пошла не впрок.

В этот момент, если кучер не успел затормозить разгоряченных и стремящихся обогнать друг друга коней и, скатившись с повозки, не привязывал колокольчик, то ему уже не позавидуешь.

Однажды сила удара ногой была такова, что выбросила его на круп лошади, – неожиданно испуганные животные, пытаясь разбежаться врозь,

жатқан төре орыс төбесін ұрып шырық қашқан.

Әсіресе, көзқыспасы бар Үйшіктің әзәзіл сұлуы Тамараға барарда Никита Максимович қандай сыланқоразданар еді.

Торпақ танау былғары етігінің жалтылына майсақ шаңның өзі қона алмай әуреге түсетін.

Екпіндетіп кеп делбе тартқанда жез қоңыраудың үні буынын босатып, бұрала басып, жүзі жұмыртқаның сары уызындай үлбіреп, иыққа төгілген майдақоңыр шашының әр талынан әтір аңқып кеп жаңғалақ төремен кеуде үйкесіп өбісетін.

Қарап тұрып мұның бойын ыстық бу шарпып жүре берер еді. Тәтті түс көргендей елегізіп, тобарсып шытынап кеткен ернін тіл қыдыртып жалайтын.

Қойны-қонышыңды түгел тінтіп қарайтын мөлттей жанары қандай отты еді перінің?! Жіңішке сықылықтай басталатын күлкісі үдей келе есіңді аударып, қара тырнағыңа дейін жыбырлатып жіберетін.

Аш мықыннан қапсыра ұстамаса айырылысып қалатындай боп екі әуес үйге енгенде бұл есін әзер жиып, күйменің артқы кебежесінде жатқан ұзынды-қысқалы ішімдікті, түйіншек-түйіншек ащылы-тұщылы дәмді түсіріп, сауыры мен алқымы аққөбіктенген атты туарып, суытар-ды.

Үлкен бөлмесінің үш терезесі Жайыққа төніп тұрған, бөренеден қиылып салынған бау-бақшалы сәулетті үйдің шайдай түсте іштен ілінген есігі күн екіндіге құламай ашылмас.

Тамара сұлудың сөресі мен мәресі қапелімде жеткізбес төсек жорғасынан әупірімнің күшімен түсіп, табалдырықтан қалқиып бері аттағанда, көшір бала жынын қақтырған бақсыдай боп мәңгіріп қалатын Никита Максимовичін көзін уқалап жатып әзер танитын.



раскачали повозку так, что она, перевернувшись и ударив по голове опрокинувшегося русского господина, унеслась прочь.

В особенности, Никита Максимович петушился и щеголял перед тем, как направиться к известной в Уйшике кокетке-искусительнице Тамаре.

Даже мелкая пыль, пытаясь осесть на носках его сапог из телячьей шкуры, отчаивалась в этом стремлении.

Когда, торопливо прискакав, натягивал поводья, тогда звук медного колокольчика невольно заставлял расслабляться в неге все суставы ее тела. Она ступала, мерно покачиваясь, лицо ее становилось нежным, как желток яйца, обнимаясь с господином повесой, целовалась, рассыпав на плечи мягкие волосы, каждый волосок которых благоухал духами.

А он, наблюдая за этой сценой, не мог сдержать прилив жара, охватывающего его тело. Тревожась, словно в сладком сне, язык его, блуждая, облизывал сухие и потрескавшиеся губы.

Какие же были у этой ведьмы огненные вспышки в глазах, ощупывающих тебя с голенищ до подмышек! Ее смех, начинающийся с тихих смешков, усиливаясь, сводя тебя с ума, вынуждал шевелиться от волос до кончиков ногтей.

Когда двое сластолюбцев, словно боясь потерять голодную плоть, если ее не стиснуть в объятьях друг друга, скрывались в доме, он, еле-еле придя в себя, вытаскивал из заднего сундучка повозки выпивку в различной таре, узелки с соленьями и вареньями. Освободив лошадей, со вспенившимися крупами и ртами, давал им выстояться.

В красивом бревенчатом доме с тремя окнами, выведенными на Урал и имеющем сад, входная дверь, запертая изнутри в полдень, не открывалась до наступления сумерек.

Когда на пороге, в обморочном состоянии появлялся Никита Максимович, словно шаман, достигший экстаза или как рысак, еле-еле сошедший с постельных скачек неутомимой и не знающей насыщения Тамары, юноша-кучер, протирая глаза, еле-еле узнавал его.

Кейде көлеңкеде мойны қылқиып мөлиіп отырған бұған қарап ыржалақ қағатыны бар.

– Оһ, бұдан гөрі қызылдармен соғысқан әлдеқайда жеңіл. Атасың да саласың. Оқ түгесілмейді...

– Тайжанчик, монша жақ, – дер еді Тамарасы көмкеріліп тұрған бау ішіндегі столға дастарқан жайып жатып. – Аяма, өрте ішін!

Қарсы табысып, бір-бірін ыстық деммен жемдеген қос әуес сол күні ішімдік атаулының ұзынды-қысқалы шынысын кезекпе-кезек бөкседен тебісті.

Таңдайын жабысқақ шөл жайлап, қаны қоюланып қалған төренің белі қайтадан бекіп, күш алып, майда самалы сипап ескен жайлы түн қиялын жан-жаққа шаптырып, болашақта өзін тағатсыздана күтіп тұрған генералдық шеннің қызықтарын теріп айтып, ауыз жабар емес.

Ол үшін мына өңмеңдеген тексіз қызылдарды Астрахань асырып қуалап, Царицынге жолатпай, талқандаса жетіп жатыр екен.

– Мә, қақ, – деп көңілденіп бұған сынық сүйем шұжық ырғытады.

– Қызыл әскер Үйшікке таяп келеді деседі, – дейді Тамара әңгімеге тамыздық тастап.

– Мына секілді дикарлар көмек беруде. Бірақ уақытша ғана...

– Олар жеңсе Тайжанчик дәу бастық болар. Күйдірткі қаншықтай әңгі немені қолдан қоздыруын.

– Бұл, міне, мынандай бастық болады, – деп буынын арақ алған офицер балаң үйрегі мен ортан терегінің арасынан бас бармағын қылтитты. – Бері кел! Кәне, иіске, иіске тез... ым... Неге түшкірмейсің?!

Мына қорлыққа төзбей кеткен көшір бала сонда





Иногда, глядя на него, сидящего в тени и, вытянув шею, ждущую трапезу, офицер зубоскалил:

- Ох, куда легче биться с красными, чем с ней. Пуль-то в патронташе больше, чем в моём запаснике.

- Тайжанчик, натопи баню, – обращалась к нему Тамара, накрывая стол в цветущем саду. – Не жалей огня, пали!

В тот день любовники, пресытив друг друга после постельного боя, а затем, набросившись на всевозможные спиртные напитки и яства, стали пресыщаться и ими.

У господина, рот которого высох было от жажды, а кровь загустела в венах, хребет снова начинал крепчать. Набравшись сил, он приступил к разбрызгиванию сладостных грез, навеянных нежным ночным бризом. Он не мог закрыть рот, рассказывая о том, какие же с ним будут твориться чудеса, когда он непременно получит генеральский чин, с нетерпением дожидающийся его.

Для этого, оказывается, достаточно было прогнать безродных красных за Астрахань, не подпустив к Царицыну, разбить их вдребезги.

- На, лови, – рявкнул он приподнято, бросая ему кусок жаркого.

- Говорят, Красная Армия подошла к Уйшику, – говорила вкрадчиво Тамара, подбрасывая в разговор лучину.

- Дикари, такие как этот, помогают. Но это временно.

- Если они победят, то Тайжанчик, наверное, станет большим начальником. Сучка-поджигательница, надо же, преднамеренно возбуждает этого глупца.

- Вот, вот таким станет начальником, – взревел пьяный офицер, собрав и показав кукиш. – Иди сюда. На-ка, нюхай, нюхай скорее... Кх-гм, почему не чихаешь?

Тогда, не выдержав этого оскорбления, юно-

омырау сүті тілінде: «Атаңа ғана нәлет-ай!» деген. Көзінен жасыл от тұтанып, әр сөзін әріптеп тұрып айтты.

Теңселе қолтықтасып, ақ бу атқан моншаға енген екеуі енеден туma шешінгенде лып етіп аулаға шыққан Тайжан дереу қос атты күймеге жеккен.

Никита Максимовичтің әбүйір жабар бар лыпасын жалғыздап теріп жинап, құжаты, қоржынымен қоса күйменің артқы кебежесіне атып ұрған. Ыза мен қорқыныш кернеген бойы қалшылдап, моншаның кіреберіс тар қуысына кері бас бақты.

Қос саусақ қатар сиятын кілттіктен сығалаған: бу тарап, сұйылыпты. Қолына сала құлаш ысқыш ұстаған Никита Максимович Тамараның жон арқасын ақ көбікке бөлеп езеді кеп.

Қайранда қалған теңіздің сары бауыр сазанындай бұлқынған сұлу құшыры қанып, қыңсылап, болашақ генералдың желігін көтереді...

Көшір бала бекінген ойдың жетегінен шықпай жанұшырып белуардан шешінді де, ошақтың қырып алған қарамай күйесін маңдайдан кіндікке дейін баттастыра жақты.

Қолына төрт өрме қамшыны буынтып ұстап, қайтадан еңкейе берді.

– ..Енді айғыр боп кісінеп секірші.
Сауыры дір-дір етіп ағаш еденде төрттағандаған Тамара жалыныш һәм сүйсініске толы сайқал үнмен кейінге мойын бұрады.

Итініп тұрған еркек үйелмелі-сүйелмелі қос санды өрлей-өрлей келіп тоғысатын жердегі алақандай қара гүлді иіскеп, жалап-жұқтай ма, тіпті өзін Қамбар атаның нәсілімін деп жорып, жұлып жегісі келе ме, о, жазған!..

Кісінеп еді, онысы мұрнын тестіріп жатқан жетім тайлақтың даусындай созыңқы, шынжау шықты.





ша-кучер выпалил на родном языке: «Атана гана налет-ай!». Воспламенив огонь в глазах своих, он отчеканил это проклятье по слогам: «Будь, проклят, твой род!».

Когда двое, покачиваясь в обнимку, вошли в баню и разделись донага, Тайжан, выскочив во двор, стремглав добрался до повозки.

Собрав по отдельности кое-какие пожитки и одежду Никиты Максимовича, засунул в задний сундучок повозки вместе с документами в полевой сумке. Дрожа всем телом, охваченным злостью и страхом, вошел в предбанник.

Уставившись в щелку замка, величиной в два пальца, заметил, что пар рассеялся, а парная стала остывать. Никита Максимович огромной мочалкой тёр взмыленную спину Тамары.

Красавица, словно попавший на мель желтобрюхий морской сазан, дрожа и дергаясь, блаженствуя от удовольствия и визжа, поднимала возбуждение будущего генерала...

Юноша-кучер, со страхом, но, твердо решив довести до конца задуманное дело, раздевшись по пояс, стал ото лба до пупка обмазывать себя сажей, которую соскреб с печки.

Взяв в руки четырехжильный кнут и приладив ее к руке, снова уставился в щель.

- А теперь, заржав, как жеребец, вспрыгни на меня. - Тамара, дрожа всем своим телом, стоя на четвереньках на деревянном полу, с голосом, полным лукавой жалобы и вожделения оборачивала голову назад.

Самец, готовый к броску, поглаживая два раздвинутых бедра и дойдя до их скрещения, стал принюхиваться к черному величиной с ладонь подсолнуху с необщипанными семенами. То ли облизывал, то ли, вообразив себя потомком мифологического покровителя аргамаков Камбара-ата, * – вознамеривался, вырвав его, съесть, о несчастный грешник.*

Заржал, было, но раздался протяжный и жалкий звук схожий с воплем верблюжонка-сироты, которому прокалывали ноздри.

Көшір баланың көзі майланып, бойын есірік меңдеді.

Қара гүлдің ортасы бірде құж-құж қайнап жатқандай, енді бірде күнбағыстың ши батырғысыз шекілдеуікке бөккен басындай боп елес берді.

Қайтадан оқыранып, үйірге түсе берем дегенде есік шалқасынан ашылып:

– Тр-р-р! Уа, атаңа нәлет! – деген алапат айқай мен тобылғы сап төрт өрме қамшы жарыса сілтейді. Ауаны ысылдатып жауып кеткен соққымен қара түннің қойнынан өсіп шыққан қара албастыға дәт жетіп қарау мүмкін емес.

– Домовой! – деп ышқынды Тамара сұлу.

– Черт! – деген Никита Максимович, бақырған қалпы екі тіземен мөңкіп секіріп.

– Прости нас!..

Батып кетер еді, сыярға саңылау табылмады. От аузы кіреберісте шұңкиген жалғыз пеш кімге пана болмақ?
Қары талғанда барып қаңтарулы тұрған күйме есіне түсті.

Тастақты көшеге кетпен соқтырып, жұлдыздай аққан қалпы Үйшікті қақ жарып аққан өзеннің үлкен көпіріне жеткенде соңынан ащы айқай шықты.
Айқай да емес, қас қағым сәтте мүсәпірге айналған пәнденің шарасыз шыңғырысы болатын. Байғыздай шақырған сол дауыс қаладан қозы көш жер ұзап, Үркер маңып тас төбеге келгенше ерген де отырған.

– Айта бер, ұлым!

– Қызылдар арқамнан қақты, маңдайымнан сипады. «Күлшелі бала» десті. Қатарына кіргізді.

Содан иыққа қонатын жұлдыз аулап Ресейдің ішін үңгіп кете бардым... Көп кешікпей большевиктер де Үйшікті алған.

Сылаң қаққан Тамара сұлуға қызылдың коман-





Глаза юноши-кучера покрылись пеленой, а тело охватил дурман.

Показалось, что середина черного цветка то ли закипая, чем-то кишмя кишит, то ли словно подсолнух поворачивает свое соцветие к тростнику.

Только было собрался, снова заржав, броситься в гущу косяка, как дверь раскрылась настежь.

- Тр-р-р! Уа, атана налет! – этот выстраданный вскрик и четырехжильный кнут с рукоятью из таволги были пущены наперегонки друг с другом. Невозможно было позволить себе посмотреть на выросшего из-за пазухи ночи черного демона и со свистом рассекающие воздух удары.

- Домовой, – завизжала каналья Тамара.

- Черт, – успел выговорить Никита Максимович, падая на колени.

– Прости нас!...

Готовы были утопнуть, но не было даже щели, куда можно было бы втиснуться. Кому может стать укрытием узенькая топка печи при входе... Когда уже рука стала уставать, вспомнил о повозке ожидающей его.

Как только, мелькнув звездой и добравшись до моста через реку, разрезающей Уйшик пополам, зацокал по мостовой, – вослед раздался протяжный крик. Даже не крик, а невольный вопль вмиг обретшего волю существа. Этот звук, как зов сыча, сопровождал его ещё долго и пока Плеяды не вскарабкались на небосклон.

- Продолжай, сын мой.

- Красные похлопали по плечу, погладили по голове. Прозвали Юношей-Нагайкой. Взяли в свои ряды.

Потом, собирая звезды, оседающие на плечах, врос в Россию... Затем, не мешкая, красные взяли и Уйшик.

В кокетливую красавицу Тамару до смерти влю-

дирі өле ғашық боп жатып үйленді.

– Никита Максимович ше?

– Ақтың қолы кеудесінен түйіп кетіпті... Біраз жыл Тамара мен байының ауласын сыпырып жан бақты. Кейіннен кememен келген жүкті түсіріп, несібесін терген. Ішімдікке оңбай қамалды байғұс!

– Әлі тірі ме? – Теңге мұрттың даусы оқыс естілді. Жайық жайдары қалпында ыңғайтөкпе күймен жылжи берді.

– Татар дәмі түгесілген жоқ. Жүр, әне, ресторанды бимен қарқ етіп...

Дуылдаған ығы-жығы топтан іргесін аулақ ұстап, шеткері орындықтың біріне тізе бүккен. Кәнігі екі жүз грамм, бір кеспесі де көп тостырған жоқ. Қышқылтым шарапты дәмін алып, ұзақ сараптады.
Ымырт үйіріле Батыстың даңғаза джазы құлақ шетін кеміріп еді, елден бұрын ентелеп ортаға үрпек сары шал шықты.

Айқыш-ұйқыш тілік әжімнен ғана тұратын жүзі мың жыл бұрын олақ мүсіншінің қолымен қашалғандай.

Көз ғана сынын бермейді екен, жасылы қайтпады.

Екі қолы ербең қағып, қамшы астында өскен иттей имеңдеп, құйрығы билейді екен. Егер биге сеп десек...

Тайжанның тынысы тарылып, өңір тиегін ағытты, жо-жоқ, өкпесі екен ауа сормай жатқан. Жүрегі екен ауыздығымен алысқан күймелі аттың тұяқ дүбірін қайталап тұрған.

Алақанын кең жайып стол жағалап, көрсеткен өнеріне қайыр дәметкен шал жылжи-жылжи бұрынғы көшір баласының тұсына таяды.

– Никита Максимович, – деді бұл тұтығыңқырап.

- Дәл өзі!





бился красный командир и взял ее в жены.

- А куда делся Никита Максимович?

- Белые бросили его... Несколько лет, подметая двор Тамары и ее мужа, добывал себе пропитание. Затем подался в грузчики, разгружая портовые теплоходы, нашел там свою судьбу. Несчастный, впал в беспробудное пьянство.

- Он еще жив? – спросил взволнованно коротко-усый. Яик протекал так же привычно и приветливо, как и прежде. Не исчерпал еще свою стать.

- Вон, болтается еще, потешая ресторан своими танцами...

Сторонясь шумной толпы, присел поодаль. Привычные сто грамм и лапша не заставили долго себя ждать. Пригубив горький напиток, долго вникал в его вкус.

Как только в сумерках раздались оглушающие звуки западного джаза, тут же, опережая всех, на середину зала выскочил рыжий взъерошенный старик.
Лицо его, крест-накрест прорезанное мириадами морщин, как будто тысячу лет назад было вырублено руками неумелого скульптора.

Только, видать, глаза не теряют своего окраса, они были по-прежнему голубыми.
Вертя своими руками и виляя задом, напоминал заискивающую собаку, выросшую под плеткой. Движения эти и танцем-то нельзя было назвать.

У Тайжана перехватило дыхание, – расстегнул верхнюю пуговицу, не-нет, оказалось, что легкие не всасывают воздух. Его сердце, оказывается, повторяет перестук копыт упряжной лошади, грызущей свои удила.

Пройдясь с раскрытой ладонью мимо столов и прося милостыню за демонстрацию танца, старик оказался рядом со своим бывшим кучером.

- Никита Максимович, – обратился он, слегка заикаясь.

- Так точно!

Бір уыс жасыл долларды жез қоңыраудың сыңғырын сүйетін баяғы төресінің қолына дірілдеп тұрып ұстатты.

Сасып қалған Никита Максимович темпең қағып, ақысына тағы билегісі кеп құйрығын жыбырлатып еді, Тайжан ыммен тоқтатты:

– Кешірерсіз мені... Қалған ғұмырыңызды тарықпай өткізіңіз... Айтпағы көп еді, көмейіне қоя кептеліп қалғандай құр тамсанып, жұтқыншағы бүлкілдеді.

Мұндай байлық түсіне де енбеген байғұс тек ойдым-ойдым жамаудан ғана тұратын шалбарының қалтасына тықпыштап, жарылқаушысын сүйгісі кеп еңкейіп, ернін шүйірген.

Кенет мұның оң жақ бетінің ұшындағы бармақтай қалға көзі сүрініп, басын белеңі бар бестідей кегжең еткізді.

Ақ та, қызыл да, текетірес саясат та, тіпті Тамара сұлу да жоқ. Кеудеңді күйдірген ащы мұңың мен тәтті үмітің де көзден ғайып.

Бәрінің орнын джазға еліккен өзіңнен туған өгей ұрпақ иеленіпті. Жұлдызды аспан мен Жайық және тынбай жолаушылаған сары кемік бас бар.

...Аспан асты, жер үстінде басы артық бақ та, сор да, байлық та жоқ екен. Жаратқан ием бірінен жұлып алып екіншісіне беріп, жазған пәндесін ақымақ қып, әуре-сарсаңға түсіретін көрінеді. Бар-жоғы сол.
Өмір деген бір елестің боямасыз өңін анық таныған. Ол ашық мойындаудан қаймығып, үнсіз бас изеді.





Дрожа всем телом, всучил горсть зеленых долларов в руки своему бывшему господину, обожавшему звон колокольчика.

Опешивший Никита Максимович, быстро схватив их, попытался оплатить этот дар новым танцем, но Тайжан остановил его мимикой.

- Простите меня... Проведите оставшуюся жизнь без нужды... Выразить хотел многое, но, как будто что-то стиснуло гортань, от спазма задергался кадык.

Несчастный, которому даже во сне не привиделось такое богатство, запихивая деньги в карманы брюк, состоящих из сплошных островков заплат и сложив губы в трубочку, нагнулся, чтобы поцеловать своего благодетеля.

Вдруг, обронив взгляд на родимое пятно величиной с палец, обосновавшееся на его правой щеке, резко отпрянул назад…

Ни белых, ни красных, ни политики, даже красавицы Тамары нет. Канули в Лета и горькие печали, обжигавшие грудь, и сладостные грезы.

Место всего этого заняло молодое поколение, увлеченное джазом. Вроде бы родное, но чуждое. Есть звездное небо над головой, Яик, да не знающий покоя странствующий череп.

Что же там говорил когда-то длинноволосый молодой писатель?

- «Уважаемый, говорите, мир преходящ, нет, ошибаетесь. Не мир преходящ, а человек. Мир-то на своём месте. Хотя вечно развивается и обновляется. Сам человек, пытаясь спастись, свалил на него все свои грехи, непостоянство и изменчивость», – да, именно так он сказал. Пожалуй, так оно и есть.

Под небом, на земле ни превосходящего счастья, ни горя, ни богатства, оказывается, нет. Видимо, Создатель, отбирая все это у одних и, наделяя ими других, превращает свое грешное произведение в глупца и мученика. И все.

Познав без прикрас сущность одной из кажимостей мира под названием жизнь, он, робея откры-

то признать это, лишь молча кивнул головой.

*Примечания:*
***- Курык** – шест для ловли лошадей с петлей на конце*
***- Камбар-ата** – мифологический покровитель аргамаков*